

**Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланғаны үшін төлем
ставкаларын бекіту туралы**

Күшін жойған

Атырау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 31 қаңтардағы N 370-III шешімі
Атырау облыстық Әділет департаментінде 2007 жылғы 23 ақпанда N 2481
тіркелді. Күші жойылды - Атырау облыстық мәслихатының 2012 жылғы 11
мамырдағы N 46-V шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облыстық мәслихатының 2012.05.11 N 46-
V ш е ш і м і м е н .**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару
туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N№148
Заңының 6 бабы 1 тармағының 2 тармақшасына, "Салық және бюджетке
төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан
Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы N№209 кодексінің 470
бабына және Қазақстан Республикасының Орман кодексінің 14 бабына
сәйкес III сайланған облыстық мәслихат XXIII сессиясында шешім етті:

1. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланғаны
үшін төлем ставкаларын қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Орман пайдаланғаны үшін төлемдерден түскен қаржылар
жергілікті бюджет пайдасына жіберілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың
бюджет, қаржы, экономика, кәсіпкерлікті дамыту, аграрлық мәселелер
және экология жөніндегі тұрақты комиссиясына (М.Шырдабаев)
жүктелсін.

4. Осы шешім Атырау облысы бойынша Әділет департаментінде
мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он
күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т X X I I I

сессиясының төрағасы

Облыстық мәслихат хатшысы

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң

2007 жылғы 31 қаңтардағы N 370-III
шешіміне қосымша

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланғаны үшін төлем ставкалары

Р/с	Пайдалану түрлері	Өлшем бірлігі	Төлем ставкалары
1	Шөп шабу	теңге/га	526
2	Мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорттағы мақсаттар үшін	теңге/га	21040

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК